

1977.04  
517

**БАЙДЕЛЬДИНОВ  
ВАЛИАХМЕТ**

**АҚ ОРДАСЫ  
БІЛІМНІҢ  
ШЫҒЫСТАҒЫ**



19 74. 24  
517

**БАЙДЕЛЬДИНОВ ВАЛИАХМЕТ**

**АҚ ОРДАСЫ  
БІЛІМНІҢ  
ШЫҒЫСТАҒЫ**

60863

"Өскемен қаласының  
орталықтандырылған  
кітапханалар жүйесі" ММ  
ГУ "ЦБС  
города Усть-Каменогорска"

**Өскемен қаласы  
2002**



В. БАЙДЕЛЬДИНОВ  
АҚ ОРДАСЫ БІЛІМНІҢ ШЫҒЫСТАҒЫ

Құжатсыз тарих жоқ. Мектептің түлегі және 37 жыл басшысы болып, осы оқу орнында қызмет атқарған ардагер-ұстаз көптеген деректер мен естеліктер жинаған және қысқаша өзінің еңбек жолына тоқтаған. Түлектердің ұсынысы бойынша автор бұл кітабін мектептің 80 жылдығына арнап отыр.

ISBN 9965-575-23-1





*А. Турсунов*



## ЖАНАМ ДЕГЕН ЖҮРЕККЕ АЛАУ ЖАҚҚАН

Арман – мақсатқа адалдық. Жігіттің нағыз сұлтаны Шынайы педагог. Міне Уәкең жөнінде жазғанда осы сөздер тақырып етіп қойса еш артықтық етпейді.

Табиғат ананың өзі де пейілі түскен адамына иіп, ба жақсылығын үйіп-төгіп береді екен де. Ер жігітке өрнек бере шымыр да сұңғақ мүсін, әсем де көрікті ажар ағамызды мың кісіні арасынан даралап тұрады. Сыртқы сымбатпен бірге жігіттің кісілігі, қоғамдағы орыны мен беделі де безбенге түспей ме? Онда көбінесе биік мансап, байлық, атақ-даңқ дегендерге мән бері жатамыз. Өмір жолындағы сәттілік, сәтсіздік, бетбұры кезеңдер, кездейсоқтық дегендерінің өзі адам тағдырына өшпез із қалдырады. Көбінде баспасөз беттерінен, кітаптардан кинолардан кейіпкердің «әйтеуір қатырдан қалмай адам қатарын қосылсам деп бір жақтан келіп, сондай жерде бір оқу орыны немесе кәсіпорын бар екен дегенді естіп, бұрын өңі түгіл түсіне кірмеген ғылым немесе кәсіп соңына түскенін, артынан мұратына жетіп белгілі адам болғанын бірақ білсің. Мұндай кездейсоқтықта мыңнан бірдің ғана бағы жанар. Әйтпесе, күнде өмірден көрігі елдің жүйкесін тоздырып, қоғам дамуына кедергі келтіріп жүргендер де осы шала мамандар емес не екен деген ойға қаламыз. Бір мықты дүмбілез інісін қаншама талапты жастардың жолы кесіп, дәрігер етіп шығарады. Жұмыста да шалағай інісін зорды күшімен сүйемелдейді. Кейін өзі аяқ астынан аура қалғанда сол інісіне тап болып, «Құдай үшін мені басқа біреулерің қараңдаршы» деген екен. Адамға бауыр еті баласынан қымбат не бар. Сол қымбаттысының тағдырын сеніп тапсыратын мұғалім шалағай болса қайттік. Өкінішке орай, ондай мамандар аз емес қой. Сондықтан болар халық бәріне сын көзімен қарайды, шынайы педагогтарды құдайдай құрметтейді.

Уәлиахмет аға біз айтқан шынайы педагогтар санатынан Бұл арада мен Америка ашып отырғамын жоқ. Ол кісі туралы халық әлдеқашан бағасын беріп қойған. Уәкеңе жаратылысынан бір сөзділік, табандылық қасиет тән. О баста бала жүресіне ұста болсам деген асыл арман ұялады. Кейін берік, бұлжымас мақсатқа айналды.

Өзі қырық жылға жуық уақыт басқарған Өскемендегі Жамбыл атындағы гимназия-интернатты сонау 1950 жылы медальмен бітіргенде оған Мәскеудегі алтын және түсті металдар институтына жолдама берілді. Соғыстан кейінгі жүдеушілік кезде бұл дегеніңіз екінің бірінің басына бұйыра бермейтін бақыт еді. Содан ба, осы бір тағдырдың сыйы, қатар-құрбыларының

қошемет-құрметі буынға түсіп, о баста ұстаз болсам деген ойынан қайтарғандай болды. Нар тәуекел деп Мәскеуге тартып кетті. Құжаттар тапсырылды. Алайда ұстаз болсам деген ой бәрі бір есінен бір кетпей қойды. Сол ой ақыры жеңіп шықты. Балаң жігіт жатақханадан жүгіріп шығып, қабылдау комиссиясына жетті. Құжаттарын ала сала педагогикалық институтқа барса, қабылдау түске дейін аяқталған екен. Енді не істеу керек? Не анда жоқ, не мында жоқ. Осылайша салы суға кетіп отырғанда бір жылы алақанның табын сезеді. Файыптан қамқор болған адам геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор Иван Ипполитович Никитич екен. Сол кісінің көмегімен құжатын педагогика институтына қабылдапты. Міне жүрек әмірі, мақсатқа адалдық дегенде Уәкеңнің осы әрекеті еске түседі. Былай қарағанда алтын және түсті металдар институты осал емес. Келер өмірінің қызмет баспалдағымен өрлеу, материалдық жағын ойласа тістеген жерде тісім қалсын деп содан айырылмас еді. Республиканы ұзақ жылдар басқарған Дінмұханбет Қонаев және басқа ірі өндіріс басшылары, қоғам қайраткерлері осы оқу орнында оқыды. Алайда педагог болсам деген арманды бәрінен биік қойды.

Уәкеңнің бір басына Алланың берген қасиеттері көп деп жоғарыда айттық. Бір сөзінен таймайтын, алған бетінен қайтпайтын табандылығымен қоса білімге деген зеректігі, парасаты да ерекше. Мектепті медальмен бітіруі, шалғайдан одақтың астанасына келіп, ығай-сығайлардың арасында жақсы оқып кетуі осының айғағы болса керек. Үздік оқып қана қоймай, көркем өнерпаздар үйірмесінің серкесіне айналды. Уәлиахметтің әншілік талапты да ешкімнен де кем емес. Бәрін қойып, өнер жолына түссе де бұрынғы одақ пен еліміздің кез-келген опера театрының белді әншісі болар еді. Ол дегеніңіз азамат үшін аз абырой ма? Осы бір гажап талантын ағамыз ұстаздыққа қиды.

Бірде Өскемендегі Жамбыл атындағы гимназия-интернатта ұлы ақын Абайға арналған облыстық ғылыми-практикалық конференция өтіп жатты. Ара-тұра әндерге кезек берілді. Сол кезде Уәкең сценарийге қарамай Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» әнін шырқай жөнелді. Қазіргі әншілер микрофонсыз аяқ баспайды ғой. Жігіт ағасы жасқа келгеніне, микрофон ұстамағанына қарамастан әсем қоңыр дауысы кең залды күңірентіп жіберді. Шіркін, жас кезіндегі дауысы қандай болды екен деген ойға келдік.

Жас кезі демекші, институтта жүргеннің өзінде байқауларда топ жарған шақтары болды. Князь Игорь, Абайдың арияларын орындағанда қазылар алқасында отырған Мәскеудің білікті өнер қайраткерлері дән риза болды. Консерваторияға оқуға алайық деп уәде берді. Өнердің де адамды баурап алар ерекше әсері балады

ғой, шіркін. Көңілі қаншама алай-дүлей болып тұрса да педагогикалық институттан кетпеді. Бір Мәскеудің өзінде өміріне бетбұрыс жасайтын екі сәт болды. Екеуінде де алған мақсатына адалдық танытты.

«Асыл адам айнымас,  
Бір бетінен қай қайрылмас», - деп ұлы Абай адам бойындағы осындай қасиеттерді жырлаған ғой.

Қазақ халқы өзінің ағартушыларына қарыздар, Абай, Ыбырай Алтынсариннен бастап, өз бастарының жеке үлгісімен халыққа қызмет етті, жастарды соған баулыды. Кешегі Алаш арыстары да ағарту ісіне, елдің санасын оятуға күш салды, өмірлерін осы ұлы мұрат жолына арнады.

Уәлиахмет Мәскеуден оқу бітіріп келгеннен кейін алдында сан түрлі таңдау жатты. Сонау 1956 жылы Мәскеуден оқу бітірген мамандар облыс тұрмақ республикада кекен-саяқ еді. Ғылым жолына түссе де болатын еді. Ондай ұсыныстар да болды. Партия қызметіне шақырды. Одан ары билік баспалдақтары ашылды. Алайла ұлы ұстаздар мұратын жалғастырды.

«Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта,  
Ерінбей оқып көруге.  
Военный қызмет іздеме,  
Оқалы киім киюге.  
Бос мақтанға салынып,  
Бекер көкірек керуге.  
Қызмет қылма оязға,  
Жанбай жатып сөнуге», - деген Абай өсиетін пір тұтқан аға буын өкілдерінің ажап кісілік қасиетін сөзбен айтып жеткізе аларсың ба?

Ұлы ақын сақтандырғандай «бос мақтанға салынбады». Атын шығарып, өзін жарнамалаймын десе бір басындағы спортшылығы да жетіп, артылар еді. Өнерпаздықты да, спортты да өзі ұзақ жыл басқарған мектеп-интернатта ұмытқан емес. Оқу-тәрбие жұмысымен бірге өзі жанындай жақсы көретін өнер мен спорт назардан тыс қалмады.

«Жігітке жетпіс өнер де аз» демекші, бойдағы қасиетті аша білгенге не жетсін. Адам кемелденуі үшін жан-жақты болғаны аанибет. Қияға шырақ ұрмаса, жалындап жанбаса жігіт жігіт пе?

«Жастықтың аты жалындап,  
Жас жүрекке жанған жоқ.  
Талаптың оты арындап,  
Әр қиынға салған шақ», - демекші осындай бір талпынысты Уәкең өзі тәрбиелеп жүрген жастардың да бойынан көргісі келеді. Талаптыны қолдайды, дем береді. Қырық жылғы

уақыт ішінде Жамбыл атындағы гимназия-интернат небір жан жадыратар жақсы бастамалардың бастаушысы болды.

Өскемендегі бірден бір ана тіліндегі білім ордасына әр кез құрметпен қарап келдік. Сонау тоқыраудың тоңы жібімей тұрған кезеңде қазақ тілінде жиын өткізуге лайық, сөз тыңдарлық аудитория Жамбыл мектебі ғана болғанын несің жасырайық. Педагогикалық институтта қазақ бөлімдері жабылып қалған. Ондағы қазақша кітаптар Семей педагогикалық институтына жіберілген. Өскемендік ақын-жазушылар көбінде Жамбыл мектебіне барады. Мектеп басшысы Уәкең болса өнер адамдарына ыстық ықылас танытады. Қазақ баспасөзі дегенде жаны бөлек. Егер сіз облыстық газеттің әр жылдардағы тігінділерін ақтарар болсаңыз Уәлиахмет Байділдиновтың сандаған мақалаларына кез болар едіңіз. Директоры жазуға бейім болғандықтан бұл мектептен қаламгерлер көптеп шықты. Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Шарбану Бейсенова, ақын-жазушылар Тұрғазы Нұқайұлы, Көкей Сақабайұлы, белгілі қаламгерлер «Дидар» газетінің бас редакторы Жұмаділ Әділбаев, осы газеттің бас редакторының орынбасары Айтмұхамбет Қасымов, «Егемен Қазақстан» газетінің біздің облыстағы меншікті тілшісі Оңдасын Елубай, журналистер Мұрат Әміренов, Ғалия Омарханова, облыстағы тұңғыш қазақ мүсіншісі Талаптан Иманбаев, ақындар Сәкен Қасенов, Тоқтарбек Хамзин, бәрі-бәрі Жамбылдың түлектері. Содан болар осы мектептегі әдебиет, өнер кештеріне жиі қатыстым. Оның үстіне белгілі ұстаз Қанипа Бітібаеваның атаулы мектебі жұмыс істей бастағалы білім ордасы Тәрбие орталығына, келелі жиындар, бас қосулар өткізер киелі орынға айналды. Осы жақсы істердің бәрінің басы-қасында Уәкең жүрді. Сондықтан қаламгерлер қауымы Уәлиахмет Нұрахметұлын өздеріне тонның ішкі бауындай жақын көреді.

Уәкең өзі де өнегені тарату, жақсылықты елге жеткізсем деген ниетпен қолына қаламды жиі алатынын әлгінде айттық. Соның дәлелендей өзі он жыл оқып, кейін қырық жылға жуық басқарған, асырға жуық тарихы бар Жамбыл атындағы гимназия-интернат туралы кітап жазуы. Өзіне тән тиянақтылық, ыждағаттылық жаңа кітапты парақтаған сайын аңғарылады. Көп ізденген, көптеген деректер жинаған, бәрін рет-ретімен жазған. Бұл Уәкеңнің еңбекқорлығын танытса керек. Мұнда да өзінен бұрын өзгелер жөнінде жазған. Ағарту саласының алғашқы қарлығаштары, бүгінгі ортамызда жүрген ардагерлер, өз тұстастары, кейінгі буын жөнінде сыр толғайды. Бұл дегеніңіз дархан жүректі азаматың өз ісіне, өз ұжымына, қала берді бүкіл әріптестеріне деген таусылмас ыстық ықыласы, махаббаты.

Бүгін де Өскемен қаласының құрметті азаматы, ҚСРО және



вой, шіркін. Көңілі қаншама алай-дүлей болып тұрса да педагогикалық институттан кетпеді. Бір Мәскеудің өзінде өміріне бетбұрыс жасайтын екі сәт болды. Екеуінде де алған мақсатына адалдық танытты.

«Асыл адам айнымас,

Бір бетінен қай қайрылмас», - деп ұлы Абай адам бойындағы осындай қасиеттерді жырлаған вой.

Қазақ халқы өзінің ағартушыларына қарыздар, Абай, Ыбырай Алтынсариннен бастап, өз бастарының жеке үлгісімен халыққа қызмет етті, жастарды соған баулыды. Кешегі Алаш арыстары да ағарту ісіне, елдің санасын оятуға күш салды, өмірлерін осы ұлы мұрат жолына арнады.

Уәлиахмет Мәскеуден оқу бітіріп келгеннен кейін алдында сан түрлі таңдау жатты. Сонау 1956 жылы Мәскеуден оқу бітірген мамандар облыс тұрмақ республикада кекен-саяқ еді. Ғылым жолына түссе де болатын еді. Ондай ұсыныстар да болды. Партия қызметіне шақырды. Одан ары билік баспалдақтары ашылды. Алайла ұлы ұстаздар мұратын жалғастырды.

«Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге.

Военный қызмет іздеме,

Оқалы киім киюге.

Бос мақтанға салынып,

Бекер көкірек керуге.

Қызмет қылма оязға,

Жанбай жатып сөнуге», - деген Абай өсиетін пір тұтқан аға буын өкілдерінің ажап кісілік қасиетін сөзбен айтып жеткізе аларсың ба?

Ұлы ақын сақтандырғандай «бос мақтанға салынбады». Атын шығарып, өзін жарнамалаймын десе бір басындағы спортшылығы да жетіп, артылар еді. Өнерпаздықты да, спортты да өзі ұзақ жыл басқарған мектеп-интернатта ұмытқан емес. Оқу-тәрбие жұмысымен бірге өзі жанындай жақсы көретін өнер мен спорт назардан тыс қалмады.

«Жігітке жетпіс өнер де аз» демекші, бойдағы қасиетті аша білгенге не жетсін. Адам кемелденуі үшін жан-жақты болғаны ганибет. Қияға шырақ ұрмаса, жалындап жанбаса жігіт жігіт пе?

«Жастықтың аты жалындап,

Жас жүрекке жанған жоқ.

Талаптың оты арындап,

Әр қиынға салған шақ», - демекші осындай бір талпынысты Уәкең өзі тәрбиелеп жүрген жастардың да бойынан көргісі келеді. Талаптыны қолдайды, дем береді. Қырық жылғы



уақыт ішінде Жамбыл атындағы гимназия-интернат небір жан жадыратар жақсы бастамалардың бастаушысы болды.

Өскемендегі бірден бір ана тіліндегі білім ордасына әр кез құрметпен қарап келдік. Сонау тоқыраудың тоңы жібимей тұрған кезеңде қазақ тілінде жиын өткізуге лайық, сөз тыңдарлық аудитория Жамбыл мектебі ғана болғанын несің жасырайық. Педагогикалық институтта қазақ бөлімдері жабылып қалған. Ондағы қазақша кітаптар Семей педагогикалық институтына жіберілген. Өскемендік ақын-жазушылар көбінде Жамбыл мектебіне барады. Мектеп басшысы Уәкең болса өнер адамдарына ыстық ықылас танытады. Қазақ баспасөзі дегенде жаны бөлек. Егер сіз облыстық газеттің әр жылдардағы тігінділерін ақтарар болсаңыз Уәлиахмет Байділдиновтың сандаған мақалаларына кез болар едіңіз. Директоры жазуға бейім болғандықтан бұл мектептен қаламгерлер көптеп шықты. Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Шарбану Бейсенова, ақын-жазушылар Тұрғазы Нұқайұлы, Көкей Сақабайұлы, белгілі қаламгерлер «Дидар» газетінің бас редакторы Жұмаділ Әділбаев, осы газеттің бас редакторының орынбасары Айтмұхамбет Қасымов, «Егемен Қазақстан» газетінің біздің облыстағы меншікті тілшісі Оңдасын Елубай, журналистер Мұрат Әміренов, Ғалия Омарханова, облыстағы тұңғыш қазақ мүсіншісі Талаптан Иманбаев, ақындар Сәкен Қасенов, Тоқтарбек Хамзин, бәрі-бәрі Жамбылдың түлектері. Содан болар осы мектептегі әдебиет, өнер кештеріне жиі қатыстым. Оның үстіне белгілі ұстаз Қанипа Бітібаеваның атаулы мектебі жұмыс істей бастағалы білім ордасы Тәрбие орталығына, келелі жиындар, бас қосулар өткізер киелі орынға айналды. Осы жақсы істердің бәрінің басы-қасында Уәкең жүрді. Сондықтан қаламгерлер қауымы Уәлиахмет Нұрахметұлын өздеріне тонның ішкі бауындай жақын көреді.

Уәкең өзі де өнегені тарату, жақсылықты елге жеткізсем деген ниетпен қолына қаламды жиі алатынын әлгінде айттық. Соның дәлелендей өзі он жыл оқып, кейін қырық жылға жуық басқарған, асырға жуық тарихы бар Жамбыл атындағы гимназия-интернат туралы кітап жазуы. Өзіне тән тиянақтылық, ыждағаттылық жаңа кітапты парақтаған сайын аңғарылады. Көп ізденген, көптеген деректер жинаған, бәрін рет-ретімен жазған. Бұл Уәкеңнің еңбекқорлығын танытса керек. Мұнда да өзінен бұрын өзгелер жөнінде жазған. Ағарту саласының алғашқы қарлығаштары, бүгінгі ортамызда жүрген ардагерлер, өз тұстастары, кейінгі буын жөнінде сыр толғайды. Бұл дегеніңіз дархан жүректі азаматың өз ісіне, өз ұжымына, қала берді бүкіл әріптестеріне деген таусылмас ыстық ықыласы, махаббаты.

Бүгін де Өскемен қаласының құрметті азаматы, ҚСРО және



Қазақ КСР «Азарту ісінің үздігі», «Қазақстанға еңбегі сіңген мұғалім», «Қазақстан Республикасы спорт және дене тәрбиесін дамытудағы еңбегі үшін құрмет белгісінің иегері», «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбөкке үздік шыққаны үшін», В. И. Лениннің туғанына 100 жылдығы мерекелік медалі, «Еңбек ардагері» медальдарымен және Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған, еңбегі ҚСРО оқу министрлігінің, ҚСРО мәдениет министрлігінің, Қазақстан Республикасы білім министрлігінің, облыстық атқару комитетінің, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының құрмет грамоталарымен атап өтілген, аудандық және облыстық кеңестердің бірнеше мәрте депутаты, республика мұғалімдерінің V-VI съездеріне делегат болып сайланған асыл азаматтың жұлдызды сәттері жұрттың көз алдында.

Ал осындай кемел азамат қандай ортадан өсті, өскен ұясы қандай деген сұрақ та оқырманды қызықтырар деп ойлаймын. Бұл жөнінде өз кітабында ештеңе жазылмаған екен. Уәкең болса кезінде әрі қазір оқулық кітаптарымен бүкіл қазақ еліне ұстаздық еткен әйгілі ғалымдар Сәрсен Аманжолов, Кәкен Аханов түлеп ұшқан, көптеген белгілі адамдар шыққан Ұлан ауданының түлегі. Осы ауданның көп жыл орталығы болған Бозанбай ауылында кінді қаны тамды. Әкесі Нұрахмет пен анасы Құснұйжамал он бала сүйіп, сегізін тәрбиелеп, оқытып, ержеткізді.

- Балалық шағымыз күштеп ұжымдастыру, соның салдарынан болған ұлы жұт, халқымыз құрып кете жаздаған ашаршылық, қуғын-сүргін сияқты алмағайын кезге тап келді ғой, - деді Уәлиахмет. Шолақ белсенділер әкесіне тыныштық бермеген екен. Өйткені мініп жүрген жақсы атын бермегені үшін әлде бір іс басындағы қызылкөз «үштік» дейтін жазалау машинасына іліп жібере жаздаған. Басқа түскен пәледен қашып құтылып, Предгорный ауылын, одан Өскеменді келіп паналаған. Көзі ашық, көкірегі ояу абзал әке өз бетімен ізденіп білім алып, облыс, республикада, Ленинградта арнайы білім жетілдіру курстарында оқыған. Облыстық сақтандыру басқармасында 17 жыл бастық, кейін облыстық қаржы басқармасында істеп зейнеткерлікке шықты. Нұрекең 38 жыл өз еңбегінің жемісін жеп, дербес зейнеткерлігінің игілігін көруде. Тоқсаннан асқан қарияның өмірі бір кітапқа жүк боларлық. Балаларының бәрі әке мен ананың жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп өсті.

- Анамыз Құснұйжамал бөлекше жаралған, важап адам еді. Он бала көтеріп, отбасының берекесі мен шырайын енгізген, бізге деген мейірімін қалай жеткізіп айтарсың. Келіндерін қызындай көретін, қайта ұлдарына ұрсатын, - дейді Уәкеңнің жары Теңгебике.

«Шөп шыққан жеріне өседі», - демекші үлкен әулеттің балалары ата-ана үмітін жандырып, еңбектерін ақтады. Уәкеңнің



тетелес інісі пединституттың физика факультетін бітірді. Кейін қызмет бабына орай заң-құрылыс факультетін тәмәмдады. Жауапты қызметтер атқарды. Одан кейінгі інісі Ғалиахмет география пәнінің мұғалімі мамандығын меңгерді. Ахмет Өскемендегі өнеркәсіп алыптарында электрик болып істеді. Ал, Надия да жоғары білім алды, емдеу саламында істеді, енді халықтық медицинаның қыр-сырын меңгеруде. Уәкеңнің өзінен үлкен ағасы Федахмет зейнеткер. Осы отбасынан бірнеше педагог маман шыққанын жоғарыда айттық. Осы дәстүрді апайы Сақыпжамал жалғастырды.

Қазір Уәкеңнің өз отбасы да жапырақ жайған орман сияқты. Мәскеуде оқып жүрген кезінде көзіне жылы ұшыраған қара көз қыз Арал теңізі маңынан болып шықты. Балықшылар әулетінен екен. Әкесі балық комбинатын басқарды. Әке жолын қусам деген арманшыл жас балық кәсібінің маманы ихтиолог болсам деген арманмен Мәскеуге келген. Алтайдың ақиық азаматы Аралдың ару қызы Теңгебикемен елден мыңдаған шақырым алыста арман жолында табысты, тағдырларын қосты. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде отыз жыл ұстаздық етті. Ұстаздар отбасының тұңғышы Уәли педагогикалық институтты бітірген, ішкі істер органдарында істеп, қазір Казцинкте еңбек жолын жалғастыруда. Одан кейінгі ұлдары Вилән де ата-ана жолын таңдап, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қызметін жемісті атқаруда. Үлкен немере Руслан заңгер болсам дейді. Заң факультетінің үшінші курсында, ал Ринат тарих факультетінің алғашқы курсында болса, Нәзия бесінші сынып оқушысы. Бақытты ата-ана, қамқор ата-әже Уәкең мен Теңгебике бірде балалары мен немерелерінің ортасына барып, қамқор жүректерінің жылуына бөлісе, бірде жүз жасқа таяған Нұрекеңе барып, әке алдындағы парызын да ұмытпай, өздерін балаша сезінеді. Міне ұрпақ жалғастығы деген осы – Баба, ата, әке, бала сабақтастығы. Төрт буын – төрт ата өкілі бірге бас қосқандағы жарастықтың жөні бөлек.

Өркен жайған әулеттің алтын діңгегі – Уәлиахмет Нұрахметұлы сан салалы шаруа, ел алдындағы, ұрпақ алдындағы, әулет алдындағы қарыз-парызды өтеймін деп жүріп, әрі бәрін адал атқарып, жетпістің аулына қалай желіп жеткенін білмей қалыпты. Ата-ана батасы, ел алғысы, ұрпақ алғысы жебеп, әкесі Нұрекең сияқты сексеннен сергек өтіп, тоқсанға тоқталмай, өзі ұзақ жыл басқарып, ыстығына күйіп, суығына тоңған мектепке есімі берілген Жамбыл атаның жасына жет, Уәке, деген ізгі тілекті оны сыйлайтын барша қауым, осы кітаптың барша оқырмандары атынан тілеймін.

**Ғалым Байбатыров,**

**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**



# ЖАМБЫЛ МЕКТЕПТЕРЖӨЖӨ ӘЖӨ

сөзі Қанипа Бітібаеванікі  
өні Болат Өшірбаевтікі

Ақ ордам ана тілдің туын ұстап,  
Ұлы Абай, Мағжан, Мұхтар тілін ұштап.  
Халқымның небір асыл жақсылығын.  
Үлгі етіп ұрпақтарға жүрең ұстап.

## Қайырмасы:

Мектебім, шырағымең,  
Сарқылмае бұлағымең,  
Жанымның сая бағы  
Көңсарым, жыр-әнімең.

Шығыстың білімінің қайнарындай,  
Жамбыл төккен жырлардың айбарындай,  
Ақ ордам, саған деген ел құрметі  
Құшағын ізгілікке жайған ұдай.



## К І Р І С П Е

1710-1720 жылдары Шығыс Қазақстанның жерлерін басып алып, қазба байлықтарын пайдалану үшін, император Ұлы Петр патша Лихарев бастаған экспедиция шығарады. Ол 34 қайықша (қарбаз), 440 адам, 13 зеңбірек, басқа да соғыс құралдарымен Зайсан көліне жетеді. Одан ары қарай Ертіске таяғанда, оларды жоңғарлар қамап алып соққы береді, одан кері қайтады. Ақ Ертіс пен Қара Ертістің түйіскен жеріне Өскемен қамалының іргесін қалайды. Ол оңтүстіктің аудандарындағы ең ірі қамал болады. Кейіннен Сібір казак-орыс әскерлерінің орталығына айналады. Алдымен казак-орыс поселкасы (казачий поселок), одан кейін казак-орыс станицасы деп аталады. Ал, 1868 жылдан бастап Семей губерниясына қарасты Өскемен уезі аталады. Көлемі жағынан Семей қаласынан кейін екінші орын алады.


Алдымен Өскеменді қоңыстанғандар қазақтар, өзбектер, бұхарлықтар, татарлар, алтын приискасы бар орыс купецтері. Татарлардың мешіттері болды. Ал, өзбектер мен бұхаралықтардың Ташкентте үйлері, бау-бақшалары болған, жемістерін Өскемен базарына әкеліп саудалаған (В. Петров, "Знамя коммунизма", 7. 03. 59).

Өскемен 1869 ж. Семей облысына қарайтын уездік қала болып белгіленеді. Революцияға дейін қалада 1897 ж. 8721 адам болды, оның ішінде:

қазақтар	—	677
шаруа адамдары	—	1933
казактар	—	730
мещандар	—	4753
көпестер	—	95
дворяндар	—	736
дін басшылары	—	59
шет ел уәкілдері	—	3
басқалары	—	135



## ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ӨСУ ДИНАМИКАСЫ



	1	2	3	4	5	6
Ряд 2 ■	114	1304	17200	150400	230400	315400
Ряд 1 ■	1725	1825	1920	1959	1970	1997

Сонымен қатар 1297 үй, 2 шіркеу болды (Словарь Брокгауза и Ефрона, т. 35, с. 54).

Сол кезде ауыл шаруашылық шикі заттарын өңдейтін (100-ден астам жұмысшысы бар) диірмен, 2 сабын қайнататын, 6 тері илейтін, май шайқайтын т.б. ұсақ кәсіп орындар және 3 кластық училище, 3 бастауыш мектеп болды.

1918 ж. 14 наурызында Өскеменде Совет үкіметі орнады. Совет үкіметі кезінде Өскемен уездік, кейін аудан орталығы, 1939 жылдан Шығыс Қазақстан облысының орталығы болды (Қазақ Совет энциклопедиясы, 1976).

1989 жылы 1 қаңтарда алынған мәлімет бойынша қала халқы, оның ішінде қазақ халқының саны – 34097 адам, ана тілінде сөйлеушілер – 31343, орыс тілінде сөйлеушілер – 2335. Өскемен халқының өсу динамикасына қарасақ 1725 ж. – 114 адам болса, 1997 ж. халықтың саны 315400-ге жеткен. 1998 жылдың мәліметі бойынша қалада жалпы білім беру мектептері мен интернаттардың саны 61, оның ішінде лицейлер – 3.



# М Е К Т Е П Т А Р И Х Ы Н А Н

1920 жылдың 17 қаңтарында Өскемен қаласында жедел оқытатын мұғалімдер семинариясы ашылды. 1920 жылдан бастап Шығыс Қазақстанда қазақ мектептері ашыла бастады. Өскемен қаласының Революциялық комитетінің №16 бұйрығы бойынша 1920 жылдың 28 қаңтарында

## ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА-АЛТАЙ МЕКТЕБІ “ӨСКЕМЕН ҚЫРҒЫЗ МЕКТЕБІ” ДЕПАТАЛДЫ.

Қазақ мектептерінің ашылуы үлкен қиындықтардан өтті. Қазақ мұғалімдері жеткіліксіз болғандықтан, олардың орнына орыс мұғалімдері сабақ берді. Арнайы мектеп үйлері болмай, жеке меншік үйлерде сабақ өтті. Мебель, оқулықтар, оқу құралдары жетіспеді. Мұғалімдердің көбінде тиісті білімдері болмады. Мұғалімдерге әдістемелік оқу орындары болған жоқ. Осындай қиындықтарға қарамастан оқу-ағарту жұмысы біртіндеп жақсара бастады. Жылдан жылға мектеп және оқушылар саны көбейді.

1920-33 жылдары Жамбыл атындағы мектепте басшылар болып, мына жолдастар жұмыс істеді:

1. Жайсаңбаев Құсайын
2. Рахымбаев Уәли
3. Санин Оразғали
4. Юсупов Ислям

1933-37 жылдары жетіжылдық мектептің басшысы және оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарғандар:

1. Орынтаев Құсайын – директор,
2. Жортқанбаев Асқар – оқу ісінің меңгерушісі,
3. Измайлов Мұқаш – оқу ісінің меңгерушісі.



1937-40 жылдары орта мектептің басшылары:

1. Орынтаев Құсайын – директор
2. Жаманбаев Құсайын – оқу ісінің меңгерушісі, республикамызға еңбегі сіңген мұғалім. 1956 жылы облыстық оқу бөлімін меңгерсе, 1957 жылдан бастап 1972 жылға дейін Жамбыл атындағы мектеп-интернатында химия пәнінің мұғалімі болған. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, бірнеше Кеңес Одағы медальдерімен марапатталған.
3. Бөлекбаев – директор (1940-41)
4. Юсупов Кәрім – оқу ісінің меңгерушісі (1940-41)
5. Нұралин Нұртаза – директор (1941-49)
6. Юсупов Жүнісбек – оқу ісінің меңгерушісі (1941)
7. Жүрсінов Естай – директор (1949-50). Оқу ісінің озаты. 1950 жылы облыстық партия комитетінің бөлім басшысы, кейін Өскемен қаласы энергетикалық техникумның директоры болған.
8. Терлікбаев Қабден – оқу ісінің меңгерушісі (1949-50)
9. Терлікбаев Қабден – директор (1950-52)
10. Қайырбеков Базатай – оқу ісінің меңгерушісі (1950-52). Партия және Совет қызметінің ардагері. Лениногор, Зырян қалаларында партия комитетінің хатшысы болды. Ондаған жылдар облыстық оқу бөлімінің бастығы болып қызмет атқарды. Қазақ ССР, КСРО оқу ісінің озаты. Соғыстағы және еңбектегі жетістіктері үшін бірнеше ордендермен және медальдермен марапатталған.
11. Қайырбеков Базатай – директор (1952-54)
12. Ботанов Мүбәрәк – оқу ісінің меңгерушісі (1952-54)
13. Жүсубалиев М. – директор (1954-55)
14. Ботанов Мүбәрәк – оқу ісінің меңгерушісі (1954-55)
15. Ыбраев Зарықбай – директор (1955-57)
16. Сіләмбекова Қазтай – оқу ісінің меңгерушісі (1955-57)
17. Ақажанов Естай – директор (1957-60). Соғыс және еңбек ардагері, Қазақ ССР және СССР оқу ағарту қызметінің үздігі. Облыстық мұғалімдер кәсіподақ ұйымының бастығы болып, ондаған жылдар қызмет атқарды. Көптеген ордендермен және медальдермен марапатталған.
18. Сіләмбекова Қазтай – оқу ісінің меңгерушісі (1957-60)
19. Байдельдинов Валиахмет – директор (1960-97)





**Б. Қайырбеков. 1952-1954 ж.  
мектеп директоры**



**Е. Ақажанов. 1957-1960 ж.  
мектеп директоры**



Оқу бөлімінің меңгерушілері:


20. Сіләмбекова Қазтай
21. Әлімбаева Ғайнижамал
22. Тоғызова Шолпан
23. Жотабаева Наталья.

Әр елдің құрмет тұтар тұлғалы азаматтары болады. Халқымыздың ыстық махаббатына бөленген, тірлігінде жеріне, еліне аянбай еңбек етіп, өткен ғұмырында жұртшылық алдында, тұрғыластары арасында болған мұндай тарландар Жамбыл мектебінде де қызмет атқарған.

Аға буын ұстаздардың және мұрағат-мұражайларының құжаттарына сүйене отырып, мынандай мәліметтерді келтіреміз. Екі ғасыр тоғысында туған біз де ескі дүниенің күйреп, жаңа дүние – социализмнің жеңісіне куә болдық. Өмір біздің алдымызда өтіп жатты, әрине бұл өзгерістер өздігінен келген жоқ.

- “Әр комсомол бір сауатсызды оқытып шығаруға тиіс” – деп міндет қойған ВЛКСМ VIII съезінен кейін,

комсомол жұмысына жаңа кезең – сауатсыздықты жою, жаппай оқуды жүзеге асыру, маман кадрларын даярлау ісі жаппай қолға алынды. ВЛКСМ орталық комитеті 1928 жылғы қыркүйек айында мәдени жорық жариялады. Осыған орай Өскеменнің уездік комсомол комитеті қаладағы В. В. Варавский атындағы педагогикалық техникумды бітірген бір топ комсомолға жолдама беріп ауыл-селоларға мәдени жорыққа аттандырды. Біз Ленин өсиетін адал орындаймыз деп серт бердік. Алғашында 1920-30 жылдары Ұлан ауданындағы Қосбармақ, Бәйтеке мектептерінде мұғалім болып істейтін болдым, - дейді Орынтаев Қ.



Қ. Орынтаев. 1930-1940 ж.  
мектеп директоры

- Ол кезде тек бала оқыту ғана емес, қазақ ауылдарының экономикасы мен тұрмысындағы

феодалдық қалдықты жою, халыққа лениндік идеяларды тарату, Совет органдарын нығайту, халықтың мәдени тұрмысын жақсарту, жаппай колхоздандыру жұмыстарына да үлесімізді қостық.

1930-31 оқу жылында Өскемендегі кешкі мектептің меңгерушісі менің оқытушым Қазақ ССР-нің депутаты Т.А. Чурилованың шақыруы бойынша Өскемендегі бірінші бастауыш қазақ мектебінің меңгерушісі болып тағайындалдым. Ол кезде мектеп үйі болмады. Біздің оқушылар Колотушкин деген байдың босаған үйінде күндіз оқыды.

1920 жылы тұңғыш рет қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашылды. Оның өз алдына отау тігіп, ірге қалауына белгілі жазушы және жалынды революционер Павел Петрович Бажов көп еңбек сіңірді. Осы мектептің ұйымдастырушы, алғашқы меңгерушісі Құсайын Жайсанбаев болды. Кейін осының негізінде жетіжылдық мектеп құрылып, 1928 жылы ол Ұлан ауданына көшіріліп Киров атындағы шаруа-жастар мектебі аталады да, Өскеменде тек бастауыш мектеп қалады. Менен бұрынғы жылдарда қазақ бастауыш мектебінің меңгерушісі болып Оразғали Санин, Қатпа Тұрлыбаев істеді. Мен меңгеруші болып жүргенде мектепте 30-40 бала оқыды. Ол кезде арнайы мектеп үйі болмағандықтан жәй үйлер мектеп болды. Бала оқыту деген оңай болмады, оқу құралы, оқулықтар, көрнекті құралдар, парта, тақта, орындықтар жеткіліксіз болды. Бірақта аянбай еңбек етіп, осы қиыншылықтарды жеңе білдік. Жылдан жылға бала саны өсе бастады, енді қаланың қазақ тұрғындары балаларымыз бастауыштан кейін оқитын жеті жылдық мектеп ашылса деген тілек қойды. Халықтың осы тілектерін аудан басшылары құба-құп алып, 1933 жылдан бастап мектебіміз сол кездегі Қазақстан Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы Ораз Исаев атындағы жеті-жылдық қазақ мектебі болып қайта ашылды. Мектептің алғашқы оқу ісінің меңгерушісі Асқар Жортқанбаев болса, одан кейін бұл қызметте Измайлов Мұқаш істеді. Жеті жылдық құрылғандағы алғашқы мұғалімдер: Қожамсейіт Жеңгібаев, Хакім Тұрлытаев, Жағыпар Оразаев, Мүбәрәк Жекенов, Күлзағила Мұлықбаева, Грохотов, Барсукова тағы басқалар.

Сол жылдың аяғында оқу орнында қазақ қыздары үшін 35 орындық бюджеттік пансион ұйымдастырылып, олардың оқып білім алып тәрбиеленуіне толық мүмкіндік



жасалды. Мектебімізде жылдан-жылға балалар саны өсе бастады. Ұлан, Таврия ауданындағы ауылдардан оқуға балалар үсті-үстіне келіп жатты. Ер балалар үшін пансион болмағандықтан, ата-аналары ақы төлеп, балаларды қала тұрғындарының үйіне тұрғызды. Біздер сол бір жетімсіз дүниенің өзінде-ақ бастауыш мектепті жеті жылдық мектепке, жеті жылдықты мектепті он жылдыққа айландыру үшін “суыққа тоңып, ыстыққа күйіп” деген сияқты, қайтсек, білімді ұрпақ тәрбиелеуге жетісеміз деп жар құлағымыз жастыққа тимей қажырлы еңбек етуге барынша күш жұмсадық.

1936-37 оқу жылында он жылдық қазақ мектебі болдық. 1936 жылы жазда Қазақстанның Халық Комиссариатының төрағасы Исаев Ораз Өскеменге келді. Осы келген жолда біздің мектепте болып хал-жағдаймен танысты. Ол кісі алдағы жазда болатын он жылдық қазақ мектептері директорларының кеңесі, онда қаралатын мәселелер туралы әңгімелеген-ді, 1937 жылы жазда Алматыға сол жиналысқа шақырылып бардым. Жиналыс алдында сол кездегі Халық ағарту министрі Темірбек Жүргенов әр директормен жеке әңгіме жүргізді. Мен де Т. Жүргеновтың қабылдауында болып, Өскемендегі жалғыз қазақ мектебінде жылдан жылға бала санының көбейіп келе жатқандығын айта келе, ауылдан келген балаларға жатақхана жоқ, мектеп үйі тар, көрнекті құрал жеткіліксіз, осыған бір көмек болса екен деген тілегімді білдірдім. Ол кісі: “Барлық жағдай жасалады, жақында Өлкелік партия комитетімен Халық Комиссиялар Советінің бірлескен жиналысында он жылдық қазақ мектептерін күшейту туралы мәселе қаралады. Өскеменде қазақ балаларына арнап бюджеттік пансион салуды ұйғарып отырмыз” – деді.

Бір-екі күн кеңеске қатысып тәжірибе алдым, қазақтың бір туар ұлдары – С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров және С. Мұқановпен дидактарластым. Сол күндері Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшысы Садық Нұрпейісовтың қабылдануында болып, ақыл-кеңес тыңдадық. Бір әредікте Нұрпейісов жолдасқа жолықтым. Мен сізді бұрыннан білемін, Семейге губерниялық комсомол конференциясына делегат болып барғанымда сіз өлкелік комсомол комитетінің бірінші хатшысы ретінде съезде сөз сөйлеп, комсомолдарға мәдени жорыққа аттаныңдар деп едіңіз. Мен сол мәдени жорыққа аттанған солдаттың бірімін. Өскемендегі қазақ мектебінің директорымын деп, мектебімізге көмек беруін өтіндім. Ол кісі ескереміз деді.



Келесі күні “Социалистік Қазақстан” газетінде 10 жылдық қазақ мектептерін күшейту туралы Қазақстанның өлкелік партия комитеті мен Қазақстан Халық Комиссариатының қаулысы жарияланды. Онда: “Ақмола қаласында салынбақ 120 орындық пансион” Өскемендегі қазақ мектебіне берілсін”, – депті.

1938 жылы 120 орындық пансион үйі салынды. Мектеп үйі болмағандықтан оны мектепке пайдаландық, 80 балалық бюджеттік пансион жұмысын бастады.

Алғашында мектеп үйінде көрнекті құралдар, оқушылар отыратын орындықтар жеткіліксіз болды. Сол кездегі Киров аудандық атқару комитетінің төрағасы Пармановтың қалалық Советтің төрағасы И. Загаренконың, сол кездегі оқу бөлімінің меңгерушілері А. Шестаковтың, М. Еремеевтің көмегі арқасында мектебіміз керекті жабдықтармен қамтамасыз етіліп, қатардағы орта мектеп дәрежесіне жеттік. Ол кезде оқытушы кадрлар жеткіліксіз болды, бірақта біз бұл қиыншылықтан шықтық. Сол жылдары жоғары және орта білімдері бар талантты жас кадрлар еңбек етті. Жартқанбаев Асқар, Тұрлыбаев Қатпа, Жаманбаев Құсайын, Ботанов Мүбәрәк, Нұғыманов Рахым, Сулейменова Нәсима, Өтепов Шамай, Әубәкірова Майра, Измайлов Мұқаш, Грохотова Э.Г., Ческидова, Деденко, Скроколятаева, сол кездегі Өскемендегі республикалық мәдени-ағарту техникумының оқытушылары Юсупов Кәрім, Статаев, Майжолов Хасанбек, Шафигуллин Нұрғали біздің мектепте сабақ оқытты. Қиыншылдықтар да аз болған жоқ. Сталиннің кезінде қазақтың атақты әдебиетшілері, оқулықтардың авторлары халық жауы атанды, олардың кітаптарың әдеби шығармаларын оқытуға тиым салынды. Енді қазақ әдебиетінен не оқытарымызды білмей, тек қана грамматикасын оқыттық. 1937 жылы Ораз Исаев халық жауы аталған соң, мектебіміз 1938 жылдан бастап Жамбыл атындағы қазақ орта мектебі атауына ие болды.

Мектебімізден тәрбие алған қарлығаштарымыз: Жүнісова Қ., Рахымбаев З., Ақажанов Е., Тезекбаев З., Қойшыбаев Ж., Бояқбаев Қ., Мурзабаев Б., Искаков Н., Байдилдин А., Садықова Ж., Елемесов О., Намазбаев А., Садыкова Қ., Сүлейменова М., Сатыбалдин Ш., Омаров Қ., Солтанова К., Өтепов (Рахымжанов) Б., Шаймарданова А., Мылтықбаев, Габдуллин Қ., Омарханов А., Гайсин Ж.

1937 жылдары оқу ісінің меңгерушісі Жаманбаев Құсайын болды. Сол кездің өзінде-ақ Жаманбаев, Ботанов сияқты оқытушылардың инициативасы бойынша химия,



физика, математика кабинеттері құрылып, оқушыларға тиянақты білім берілді. Мұғалімдеріміз уақытпен санаспай алға қойылған міндеттерді абыроймен орындай білді. Оқытушылар жастарға коммунистік тәрбие берумен қатар, қаладағы қазақтар арасында саяси үгіт жұмысын жүргізді. Қаладағы сауатсыз қазақ азаматтары мен азаматшыларға хат танытты. Мектептің оқытушылары мен оқушылар ұжымы С.М. Киров атындағы паркты орнатуға үлес қосты. Киров паркін аралаған кезде біздің оқушылар отырғызған ағаштар, аллеялар көзге жылы ұшырап, сол оқушылардың өздерін көргендей қуанышқа бөлейді.

1924-36 жылдары қаладағы Киров сайлау учаскесінің сайлаушылары маған сенім көрсетіп, ішкі қалалық және аудандық советтік президиум мүшелігіне сайлады, көп аманаттар тапсырды. Менің Совет органына сайлануым мектебіміздің өркендей өсуіне өзінің ықпалын тигізді-ау деймін. Қалалық, аудандық советтер президиумының мүшесі болған 1934-40 жылдары сайлаушылардың аманатын адал орындап, қаланың экономикалық, әлеуметтік деңгейі мен мәдениетін көтеруге қомақты үлес қостым.

Осы мектептің оқу бітірген алғашқы түлектері – 20-дан астам оқушы ел басына қиын-қыстау күн туған кезде қолдарына қару алып Отанымызды жаудан қорғауға Ұлы Отан соғысына қатысты, көпшілігі жеңіспен оралды. Олар Қ. Жүнісов, Естай Ақажанов, Смағұл Дүйсенбаев, Ағзам Баспақов, Рахымбаевтар, Габдуллин, Сатыбалдин, Шығанов, Омаров Қанымай, Қойшыбаев Жармұханбет, Мылтықбаев Биғазы, Намазбаев Ақаш, Ахмадиева Майра, Елемесов Ораз, ағайынды Дүсіповтар Фаббас мен Имаш және т.б. Соғысқа қатысқан 10-ға таяу оқушылар жау қолынан қаза тапты.

Сол жылдары дәріс алып тәрбиеленген жастар кейіннен халық шаруашылығының сан саласында қызмет етті, етіп те жүр. Оның ішінде профессорлар, ғылым докторлары мен кандидаттары, инженерлер, дәрігерлер, агрономдар, басшылар, партия, шаруашылық қызметкерлері, алдыңғы қатарлы механизаторлар, малшылар, шаруашылық басшылары бар. Мен осыларды көргенде, әңгімелескенде, өзімді аса бақытты екенмін деп санаймын. Өмір біркелкі даңғыл жол емес екені белгілі. Біз ат жалын тартып қатардағы азамат болғанша бастан қаншама қиыншылық жағдайларды өткіздік. Сөйте жүріп, бүгінгі ұрпақ игілігі үшін жасалған шаттық өмірге өз үлестерімізді қостық.



Мен 40 жылдан астам оқытушылық қызметін атқырдым, 1970 жылдан құрметті зейнеткерліктемін. Қазір осы өмір тек қана қуанышпен, жастық жігермен, сарқылмас қуатпен жалғасын таба берсе дейміз. Өмір талқысынан сүрінбей өткен біз сияқты қариялардың бүгінгі жастарға, келешек ұрпаққа ақ тілеуі осы. Сонау бір жылдардағы санаулы ғана мұғалімдер мен оқушылары бар шағын мектебіміз бүгінде облысымыздағы белді оқу орнына айналып отыр. Бұл ұядан қанаттанып, еңбек пен білімнің биігіне көтерілген түлектерімізге біз сияқты қарт ұстаздары сүйсіне де қызыға қарайды. Біздің мектебіміз алғаш есік ашқаннан бері талай жас жеткіншектерді үлкен өмір жолына аттандырды. Иә, бұл ұядан әлі де талай-талай ұл-қыздарымыздың қияға қанат сермері даусыз. Өйткені мектебіміздің бергенінен берері мол. Бүгінгі ұстаздық етуші кейінгі толқын ұлдарымыз бен қыздарымыз да аға ұрпақ ұстаздарының эстафета туын берік ұстап, дәйім алға ұмтылуда. Осынау көңіл толқытар торқалы той күні кешегі шәкірттерге ыстық ықыласымды білдіремін. Сол сияқты аға ұрпақтардың эстафетасын жалғастырушы ұстаздарға алғыс айтамын”.

\* \* \*

Мектеп басшыларынан Нұралин Нұртаза Нұралыұлын ерекше атауға болады. Мен 1940-41 оқу жылы осы



**Н. Нұралин. 1941-1949 ж.  
мектеп директоры**

мектепке 1-ші сыныпқа келдім. Нұртаза Нұралыұлы 1940 жылы мектеп басшысы болып жұмыс істеп жүрді. Өте жоғары дәрежелі өз ісінің маманы, алдағы жұмысты болжай білетін ұстаз еді. Мектеп-пансионда жетім және жағдайлары өте нашар балалар үшін әке орнына әке, шеше орнына шеше болған басшы. Сабақты түрлендіріп өткізетін, әсіресе салыстырмалы әдістерді көп қолданатын. Мысалы,